

Так примите в добрый час  
Пожелания мои!

#### Список литературы:

1. Оренбургский листок, 1880, № 17. Цит. по: 5, с. 143.
2. Оренбургский листок, 1889, 20 апреля. Цит. по 5, с. 142.
3. Алтынсарин И. Собрание сочинений. В 3-х томах. Т. 1. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1975. – С. 77-80.
4. Сулейменов Б. С. Жизнь и творчество Ибрагима Алтынсарина (1841–1889). – В кн.: Алтынсарин И. Избранные произведения. Алма-Ата, 1957, С. 5-40.
5. Алтынсарин. И. Собр. соч. в трех томах, Алма-Ата, 1978, т. 2, С.141.
6. М.А.Ауэзов, «Собрание сочинений в двадцати томах». «Жазушы», 1985, т.20 – С.26.
7. Интернет-ресурс:<https://roerich.kz/publication/ibraj-altynsarin-uchitel-21-veka.htm>

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ОҚУ ЖҮЙЕСІНДЕ ІСКЕ АСУЫ

*Ансаганова Аякоз Бейбитқызы,*

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,  
педагогика және психология мамандығының 1 курс магистранты,

*Абдиркенова Ақбидаш Қапанқызы,*

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,  
PhD докторы,  
Қостанай қ.

#### Аннотация

Өзектілігі: Мақалада халық ағарту жұмысын бірінші рет қолға алған, сол жолда өмірінің ақырына дейін үздіксіз еңбек еткен жалынды патриот Ы.Алтынсариннің Қазақстандағы білім беру жүйесін қалыптастыруға қосқан үлесі талдау. Қазақ халқының ұлы перзенті Ыбырай Алтынсарин қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырып, тұңғыш халық ағартушысы атанып қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күресіп, халық игілігі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісін көрсетті, бүгінгі күнде білім беру мазмұны Ыбырай Алтынсаринның жасаған игі істерімен жалғасын тауып жатыр десек қателеспейміз. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы-демократ – Ыбырай Алтынсарин Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алды. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Ы.Алтынсарин Қазақстандағы әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды.

Мақсаты: Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық-ағартушылық ойларының маңыздылығын қарастыру.

**Түйінді сөздер:** ағарту жұмысы, оқу-тәрбие, тұңғыш, ағартушы, ой-пікір, ұрпақ тәрбиелеу, негізгі ұстанымдар, білім беру жүйесі.

#### Аннотация

Актуальность: В статье анализируется вклад пламенного патриота И. Алтынсарина в формирование системы образования в Казахстане, который впервые взялся за народное просвещение и на этом пути непрерывно трудился до конца своей жизни. Великий сын казахского народа Ибрай Алтынсарин, осуществляя просветительскую деятельность на казахской земле, став первым народным просветителем, неустанно боролся за перемены в обществе, показал пример самоотверженного труда на благо народа. Выдающийся просветитель-демократ второй половины ХІХ века-Ибрай Алтынсарин занял большое место в истории процветания общественной мысли Казахстана. Особое внимание он уделял вопросам обучения, воспитания подрастающего поколения. И. Алтынсарин предложил основные подходы и пути решения социально-педагогических проблем в Казахстане.

Цель: рассмотреть значение педагогико-просветительской мысли Ибрая Алтынсарина.

**Ключевые слова:** просветительская работа, учебно-воспитательная, первичная, просветительная, мысль, воспитание поколения, основные принципы, система образования.

### Abstract

Relevance: The article analyzes the contribution of the ardent patriot I. Altynsarin to the formation of the education system in Kazakhstan, who first took up public education and worked continuously on this path until the end of his life. The great son of the Kazakh people, Ibrai Altynsarin, carrying out educational activities on the Kazakh land, becoming the first national educator, tirelessly fought for changes in society, showed an example of selfless work for the benefit of the people. An outstanding educator-democrat of the second half of the XIX century-Ibrai Altynsarin took a great place in the history of the prosperity of public thought in Kazakhstan. He paid special attention to the issues of education and upbringing of the younger generation.

I. Altynsarin proposed the main approaches and ways to solve socio-pedagogical problems in Kazakhstan. The founder laid the foundation for the construction of the first school, determined the directions of the first education.

Goal: to consider the importance of the pedagogical and educational thought of Ybyrai Altynsarin.

**Keywords:** educational work, education, the first, educator, thought, education of generations, basic principles, education system.

Қазақтың қазіргі зайырлы білім беретін біртұтас ұлттық мектебінің іргетасы Ы.Алтынсариннің жанқиярлық ерен еңбегінің арқасында XIX ғасырдың екінші жартысында қалана бастады.

Бүгінде әлем мойындаған тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеу тарихына көз салсақ, XIX ғасырда алып үш бәйтеректей көрінген Шоқан, Ыбырай, Абай сынды тұлғалардың «алыс та болса-жақын» жолды таңдаған данышпандық, көрегендік қасиетіне, ұлылығына бас иесің. Профессор Т.Тәжібаевтың «Қазақстандағы педагогикалық ойдың пионері» деген бағасының тайға таңба басқандай, әділ баға екендіген еш шүбә келтірмейсің. Өйткені басқа пікірлерін былай қойғанның өзінде ардагер педагогымыздың мұғалім жөнінде айтқан пікірлерінің өзі-ақ оны осылай деп атауға толық болатындығын айттырмай дәлелдейді. Осы арада Ыбырайды XIX ғасырдағы бүкіл қазақ ойшылдары мен зиялыларынан ерекшелетін айрықша қырына тоқтала кету керек. Бұл әсіресе оның ағартушылық қызметінен анық көрінеді. Сондықтан да өз замандастары да, кейінгі ұрпақ өкілдері де Ыбырайды ұлы ағартушы, қоғам қайраткері, жаңа тұрпатты педагог, жаңашыл әдіскер ұстаз, ғалым этнограф, саралы ақын, жазушы, қазақтың балалар әдебиетінің негізін салушы, орыс графикасы негізінде қазақтың алғашқы ғылыми оқу құралдары мен оқулықтарын жасаушы, қазақтың зайырлы мектеп жүйесінің ірге тасын қалаушы деп таниды.

Отандық мектептің білім беру міндеттерін Ы.Алтынсарин халықтың қажеттіліктерін ескере отырып анықтады. Оның пікірінше, мектеп қоғам өмірінде лайықты орынды, мәдениеттің жоғары деңгейін, өз халқының өкілі ретінде адамның адамгершілік қасиеттерін қамтамасыз ететін нақты білім беруі керек. «Мектептер – қазақтардың білім алуының басты серіппелері, – деп жазды Ыбырай Алтынсарин, – ... оларға, әсіресе оларға деген үміт, оларда қазақ халқының болашағы да бар». Алтынсарин қазақ мектебінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін нақты тұжырымдап, оларды өзінің барлық практикалық қызметінің негізіне алды [4, б.28].

Педагог-ғалым баланы бір жақты ақпаратымен жалықтырмай, оның қызығуын әрдайым қоздырып, туындатып, жандандырып отыру қажеттігін атап көрсетті. Өйткені, қызығусыз жай ғана түсіндірілген ақпарат тез ұмытылады, ал жан-жақты ойлану немесе аса үлкен қызығушылықпен келген білім баянды болады, зердеде сақталып қалады және басқа бір білімнің туындауына дәнекер, негіз болады деген болатын [5, б.53].

Қазіргі сабақтың, әсіресе, дәстүрден тыс сабақтардың түрі де әдіс-тәсілдері де көп. Оның қайсысын таңдап алсақ та, сабақ үрдісінде педагогика ғылымының даму тарихында дәлелденген дидактикалық негізгі талаптары мен сабақтың құрылымы қатаң сақталуы керек. Жаңа технологияларды пайдаланудың ерекшелігі – тек стандартта берілген білімді меңгерту ғана емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін қалыптастыруға, шығармашылық икемділігін дамытуға, оқушының өз бетімен іздену жұмыстарын

жүйелі түрде істей білуге бағыттау болып табылады. Мектептің негізгі міндетін-ағартушы мұғалім нақты білімнің берілуімен байланыстырып қана қоймай, оқушылардың білімді әр түрлі құбылыстарды тәжірибелі зерттей отырып, көрнекі түрде алуына қол жеткізуге талпынды. Ол мектепте жаратылыстану пәндерін оқытуды өте құнды деп санады. Осыған ұқсас құбылысты біз қазіргі заманғы қазақстандық мектепте де байқап отырмыз, онда негізгі назар жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді зерделеуге, сондай-ақ білім алушыларды кәсіптік-бейіндік даярлауға аударылады. Ыбырай Алтынсарин мектептеріндегі кәсіптік бағдар, өнер таңдау, мамандыққа сай қасиет, сапалар туралы пайымдаулары өз еңбектерінен ғана емес, өзі ашқан мектеп, училище жанынан шәкірттерін әр түрлі мамандыққа баулуы қазіргі таңда өзіндік ғылыми-практикалық маңыздылығын көрсетті.

Оқу процесін ұйымдастыруда бірінші дәрежелі рольді Ы.Алтынсарин мұғалімге оқу және тәрбие үдерістерінің мақсаттарын іске асырудағы оның әлеуметтік және адамгершілік миссиясына жүктеді. Мектептің жетістігі, халықтың болашағы мұғалімге байланысты: «мұғалім-білім берудегі ең маңызды адам. Ең жақсы оқу құралдары, Үкіметтің жарлықтары, қатаң инспекторлық бақылау маңыздылығы жағынан мұғаліммен салыстыра алмайды. Сондықтан мен үшін жақсы мұғалім әлемдегі барлық зергерлік бұйымдарға қарағанда қымбат». Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыста – «мұғалімнің санасында оқытудың ең жақсы тәсілдерін табу және балалармен дұрыс қарым-қатынас жасау». Педагог бейнесі Ыбырай Алтынсаринді қатты алаңдатты. Халық даналығы: «мұғалім ұлт пен қоғамды жасайды» дейді. Бүгінгі таңда әділеттілікті сақтаған осы ежелгі және дана сөзде педагогикалық жұмыстың әлеуметтік және гуманистік мәні бар. Шын мәнінде, мұғалім елдің өндірістік күштерін дамытудың, оның әлеуметтік прогресі мен шығармашылық әлеуетінің қайнар көзі болып табылады. Мұғалімсіз кейіпкер де, ақын да, саясаткер де, ғалым да жоқ. Мұғалім мамандығының жоғары мақсаты оның жеке басына бірдей жоғары талаптар қояды [2, б.18].

Ыбырай Алтынсариннің мұғалімдер алдына қойған маңызды бір талабы – оларды қаламдастарының, алдыңғы қатарлы оқытушылардың тәрбие-тәжірибиесінен туындайтын идеяларды қабылдап, оны өз ісіне пайдаланып отыруы. Ағартушы мұғалімдер даярлау ісімен жігерлі түрді шұғылданды. Өнегелі ұстаз – тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Бүгінгі таңда мектеп қызметін жетілдірудегі және оқушыларды оқытудың табыстылығын қамтамасыз етудегі негізгі тұлға-мұғалім. Кәсіби өсуге және кәсіби білім алуға ықпал ететін барлық жағдайлар жасалған [1, б.32].

Ерекше назар аударатын жағдай, Ы.Алтынсарин сабақ кезінде білім алу мен сабақтан тыс уақытта білім алуды ұштастыруды ұсынды. Педагог-ғалым баланы бір жақты ақпаратымен жалықтырмай, оның қызығуын әрдайым қоздырып, туындатып, жандандырып отыру қажеттігін атап көрсетті. Өйткені, қызығусыз жай ғана түсіндірілген ақпарат тез ұмытылады, ал жан-жақты ойлану немесе аса үлкен қызығушылықпен келген білім баянды болады, зердеде сақталып қалады және басқа бір білімнің туындауына дәнекер, негіз болады деген болатын.

Қазіргі сабақтың, әсіресе, дәстүрден тыс сабақтардың түрі де әдіс-тәсілдері де көп. Оның қайсысын таңдап алсақ та, сабақ үрдісінде педагогика ғылымының даму тарихында дәлелденген дидактикалық негізгі талаптары мен сабақтың құрылымы қатаң сақталуы керек. Жаңа технологияларды пайдаланудың ерекшелігі – тек стандартта берілген білімді меңгерту ғана емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін қалыптастыруға, шығармашылық икемділігін дамытуға, оқушының өз бетімен іздену жұмыстарын жүйелі түрде істей білуге бағыттау болып табылады.

Баланы оқыту-тәрбиелеу жұмысында Алтынсарин атакты әдіскер – педагогтардың оқыту әдістерін батыл да шебер қолдану нәтижесінде тәжірибиесі артты, өзінің дидактикалық көзқарасы қалыптасты. Баланың мектептен алатын білімін өмір талабымен қол-

дануды тамаша ұштастырды. Қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі функционалдық сауаттылық ұғымы ағартушы ұстаздың алыстан көрегенділігін тағы да дәлелдей түседі.

Оқушы табыстылығын дамытудың шарттарының бірі-өзін-өзі жүзеге асырудың шексіз мүмкіндіктерін ұсынатын қызметке қатысу. Заманауи мектептің басымдықтары-әлеумет мүшесі ретінде өзін-өзі таныту, білім алушылардың әлеуметтік-кәсіби өзін-өзі анықтауы, олардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерін біле отырып, үздіксіз білім алуына бағдарлану ұмтылысында көрінетін тұлғаның әлеуметтік-прогрессивті түрін қалыптастыру. Алтынсарин бұл туралы ол өз жазбаларында айтқан, бұл қазіргі мектепке қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан да бүкіл әлемдік, тәлім – тәрбиенің алтын дінгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Мысалы, өзінің 2 кластық мектептердің меңгерушілеріне жазған нұсқау хатында: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлау тиіс. Өз балаларымен сөйлескендей ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық танытуы керек, әрбір нәрсені ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіруі керек, орынсыз сөдерді, терминдерді қолданбауы керек» деген сөздерінен ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз [6, б.61].

Ыбырай Алтынсарин де өзінің педагогикалық-ұйымдастырушылық әрекетінде бірнеше маңызды принциптермен әдістерге сүйенді.

- Біріншіден, білім беруді әліппеден бастауды ұсынды. Әліппе дегеніміз білімнің ең қарапайым сатысы, оны аттап кетуге болмайды. Қазақ халқы тек жаңа ғана оқи бастаған халық, сондықтан оның оқуы ең әуелі әліппеден басталуға тиіс. Өйткені ешкім де бірден қиын нәрсені белгілі дайындықсыз түсіне алмас еді. Әр уақытта қарапайымдылықтан күрделілікке, жақыннан алысқа, төменнен биікке ұмтылыс болуы керек. Бұл да маңызды дидактикалық принцип деген тұжырымға келген болатын.

- Екіншіден, білім беруде жүйелік әр уақытта сақталуы қажет, әркімнің өзі білгенінше сабақ өткізуіне болмайды. Мұндай жағдайда оқыту мен оқу жұмысын жүргізуде жүйе болмайды. Жүйе жоқ жерде нәтижелі іс те болмайтынына көзі жеткен. Кез-келген пәнді оқытуда белгілі бір жүйе, қабылданған стандарт болуы қазір де аса маңызды талап. Осы принципке сүйене отырып, Ы.Алтынсарин сол кездегі мектептер жұмыстарына сараптама беріп отырған.

- Үшіншіден, білім беру ісінде теориялық баяндау мен нақты іс-тәжірибе бірін-бірі толықтыруына аса үлкен мән берді.

- Төртіншіден, білім берудегі этникалық ерекшеліктерге мән береді. «Енді мен қырғыз хрестоматиясының екінші бөлімін құрастырып жатырмын... бұл бөлімнің тарихи мәліметтер жөнінде тарауына қырғыз халқының өз тарихынан материалдар енгізу керек болып отыр, бірақ ондай материалды қайдан аларымды білмеймін...

Өз туған халқыма қырғыз тілінде жалпы білім беретін, дұрысын айтқанда, ғылыми мәліметтермен құрастырылған тағы бір еңбегіммен қызмет етпекпін» деп атап көрсетті.

- Бесіншіден, білім беруде баланың жыныстық қасиеттерін де есепке алу қажеттігін ұсынды. Отбасында, қоғамда қыз бала мен ер баланың өзіндік орны мен ерекшеліктері бар. Олардың әрқайсысының табиғи ерекшеліктеріне сүйене отырып, бастауыш мектептерде балаларды ағаш өнеріне, қыздарды қол шеберлігіне үйрету көзделді. Осы принципті мектеп ісін ұйымдастыруда іске асырды. Мұның өзі Ы.Алтынсариннің өте көреген, алға ұмтылған педагог екенін көрсетеді [3, б.35].

- Алтыншыдан, Ы.Алтынсарин білім беру процесінің ізгіліктік сипатын анықтайды. Білім адамды рухани байытады, жанын жадыратады, жақсылыққа жетелейді, көңілін көтереді, рухын нығайтады, жігерін күшейтеді. Ы.Алтынсариннің педагогикалық ізденістерінде тілді игеру туралы біршама ойлар өрбіген. Әрине, сол заманның тыны-

сына сәйкес ол орыс тілін үйренуге үлкен мән берген. Бірақ баланы орыс тіліне баулады ол өзінің ана тілін толық игерген соң мүмкін деп есептеді. Бұл пікірді сол кездегі алдыңғы қатардағы орыс зиялылары да толық қолдаған. Өзге тілді үйрету «балалардың бойына ана тілінің әбден сіңіскені байқалғанша ешбір басталмауға тиіс» деп жазды К.Д.Ушинский [7, б.23].

Ы.Алтынсариннің ХІХ ғасырдың аяғында өзінің педагогикалық қызметінде ұстанған негізгі принциптері ХХІ ғасырға аяқ басқан, бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылуға ұмтылыс жасап отырған Қазақстанның қазіргі рухани-мәдени дамуында өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.. Керісінше, олар уақыт өткен сайын жаңа серпінге ие болып, дами түсуде.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жарықбаев К.Б., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. – Алматы: Санат, 1995. – 32б.
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: Білім, 2004. – 18б.
3. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. – Астана, 2005. – 35б.
4. Қожахметова К.Ж. Халық педагогикасын зерттеудің кейбір ғылым және теориялық мәселелері. – Алматы, 1993. – 28б.
5. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001. – 53б.
6. Игнатъев Е.И. Психология в беседах с учителями. – Санкт-Петербург, 2001. – 61с.
7. Қоянбаев Б.Ж. Педагогика. Оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1992. – 23б.

### **АКТУАЛЬНОСТЬ ВЗГЛЯДОВ ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА НА РОЛЬ УЧИТЕЛЯ В ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОМ ВОСПИТАНИИ ЛИЧНОСТИ В КОНТЕКСТЕ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»**

*Агеева Анастасия Анатольевна,  
магистр педагогического образования,  
преподаватель кафедры дошкольного и начального образования,  
Фаттахутдинова Анастасия Радиковна,  
Шаяхметова Лаура,  
студентки 2 курса ПИМНО  
Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова, г.Костанай*

#### **Аннотация**

Өзектілігі: Мақала «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында бүгінгі өзекті мәселелердің бірі- жеке тұлғаны рухани-адамгершілік тәрбиелеуге арналады. Аталған мақалада авторлар қазақ қоғамының рухани-адамгершілік дамуындағы жаңашыл педагог Ы.Алтынсариннің өзекті педагогикалық идеясын көрсетеді. Ы.Алтынсариннің мектептің қажеттілігі мен рөлі, мұғалімдердің адамгершілігі туралы көзқарасы айтылады.

Мақсаты: Ы.Алтынсариннің мұғалімдерді адамгершілікке тәрбиелеуге дайындауы заманауи педагогтарды жаңашылдыққа дайындау кезеңінде де қызықты болмақ.

**Түйінді сөздер:** Қазақстан педагогикасы, Алтынсарин Ы., жаңашыл педагог, педагогикалық мұра, рухани-адамгершілік тәрбие.

#### **Аннотация**

Актуальность: Статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме духовно-нравственного воспитания личности в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру». В данной статье авторами показана актуальность педагогических идей педагога-новатора Ы.Алтынсарина в духовно-нравственном развитии казахстанского общества. Излагаются взгляды Ы.Алтынсарина на значимость и роль школы, на нравственную миссию учителя.

Цель: Подход Ы.Алтынсарина к подготовке учителя к нравственному воспитанию будет интересен и на современном этапе для подготовки педагогов новой формации.

**Ключевые слова:** Педагогика Казахстана, Алтынсарин Ы., педагог-новатор, педагогическое наследие, духовно-нравственное воспитание.